

Қапшағай қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қалалық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 78-274 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 21 қазанда № 5716 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қонаев қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 26-87 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қонаев қалалық мәслихатының 23.04.2024 № 26-87 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Қапшағай қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық - техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 150 метр арақашықтықта айқындалсын

3. Қапшағай қалалық мәслихатының "Қапшағай қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 29 наурыздағы № 2-10 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3819 тіркелген, 2016 жылдың 16

мамырында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың "Депутаттық өкілеттілігі, заңдылық, құқықтық қорғау және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қапшағай қалалық мәслихаттың

сессия төрағасы

Қапшағай қалалық мәслихатының

хатшысы

Б. Абенов

К. Ахметтаев

Қапшағай қалалық мәслихатының 2020
жылғы 14 қазандағы № 78 -274
шешіміне 1-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Қапшағай қаласы	Қонаев көшесі, 28 учаскесі (автотұрақтың жанында)	200 адам	-жарықтандыру; -электр қуат көзіне қосылу нүктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету
2	Қапшағай қаласы	Шеру мен демонстрация бағыты – Қонаев көшесі мен Алматинская көшесінің қиылысынан Қонаев көшесі бойымен Қонаев көшесі мен Достық көшесінің қиылысына дейін	250 адам	- маршрут бойындағы көшенің жарығы бар; -бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету

Қапшағай қалалық мәслихатының 2020
жылғы 14 қазандағы № 78-274
шешіміне 2-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар - Қапшағай қаласының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушы және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.